

«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

ХАТТАМА № 3

2021 жылғы 25.11.

Жанаөзен ауылы

Директор жанындағы кенес отырысы

Қатысқандар: мектеп директоры К.С.Байгалиев, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, іс-жүргізуши, медбике

Күн тәртібі:

1. Оқушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы.
2. Мектеп оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамту және сапалы тамақтандыру мониторингісінің жүргізілуі

Тыңдалды:

1. Ис-қағаздарын жүргізуші Бұршақбай Б.

Оқушылардың жеке іс-қағаздары жалпы алғанда толық қабылданған. Жеке істердің жай-күйін, бұйрықтр мен оку үлгерімі табелінің уақытылы салынуын қадағаланды. Қазіргі уақытта 1-11сыныптар бойынша комплект саны - 20, мектепалды даярлық тобы 2, кіші орталық саны 2.

Оқушылардың жеке іс-қағаздарын тексеру барысында туу туралы куәлік көшірмесінің қажет емес екендігі анықталып, жеке іс-қағаздарынан алынды. Басқа ешқандай кемшіліктер анықталған жок.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Тагаева.

Мектеп асханасында оқушылардың тамақтану кестесі құрылып, кезекшілік үйымдастырылған. Үстел, орындықтарда талапқа сәйкес арақашықтық сақтау туралы белгілер қойылған. Еденде оқушылардың журу бағыттары мен арақашықтықты сақтау белгілері бар. Асхана тоңазытқыш, аристон, электр плитасы және ыдыстармен толық қамтамасыз етілген. Ыдыс жуатын сұйықтық, залалсыздандыруға арналған заттар толығымен бар. Бракераж журналы бар. Аспазшылар санитарлық тексеруден өткен, арнайы киіммен қамтамасыз етілген. Асхана эстетикалық талапқа сай безендірілген. Сонымен бірге ас дайындайтын, ыдыс-аяқ жуатын және тамақтанатын бөлмелердің санитарлық жағдайы жақсы. Күнделікті ас мәзірі балалардың тамақтану талаптарына сәйкес құрылған.

Асхананың алдындағы дәлізінде балаларға қол жуу және кептіру жағдайы ескерілген. Дезинфекциялау құралдары орнатылған. Асхананың оқушылары ыстық тамақпен қамтамасыз етуге дайын.

Мектеп асханасына қазан айында толық тексеру жұмысы жүргізілді. Асханаға келіп түскен тағамдардың сапасы ет, сүт өнімдерінің арнайы сақталуына, асхана тазалығы тексерілді. Тексеру кезінде ескерту болған жок. Ет, сүт, өнімдерінің арнайы анықтамалары бар. Тоңазытқыштар таза, арнайы термометр қойылған, күнделікті дайын тамақтың бір күндік сынамасы сақталған. Асхана қызметкерлері алты ай сайын дәрігерлік тексеруден өткен, жұмыскерлердің медициналық кітапшалары бар. Күнделікті асхана қызметкерлерінің

тазалығы тексеріліп арнайы журналға толтырылып отырылады. Дайын тамақтың сапасы екі аусымда тексеріліп бракераж журналына жазылады.

Құрылған сұраптар бойынша қабылданған қаулы:

1. Оқушылардың жеке іс-қағаздарын жүргізуге сынып жетекшілер жауапкершілікпен қарап, өзгерістерді уақытында енгізіп отырсын.
2. Істық тамақты ұйымдастыру комиссия мүшелерімен катаң бақылауға алынып жүйелі түрде кадағалансын.
3. Оқушылардың жеке іс-қағаздарының жүргізілуін бақылау іс-қағаздарын жүргізуі Б.Бұршакбайға жүктелсін.
4. Осы қаулының орындалуына жауапкершілік директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына, мектеп психологтарына, жүктелсін.
5. Мейірбике Тұрлыханов Е, кабинет менгерушілері күнделікті мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайын қатаң бақылауға алсын.



Төрағасы

Байгалиев К.С.

Хатшы

Мадыбаева А